

«Бекітілді»

№55 балабақшасы директорының м.а.

 Джанжолова Г.

Педагогикалық кеңес: 11 «29» шіл 2017ж.

«Музыка» ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары
Білім саласы «Шығармашылық»
I-кіші топ

2017-2018 оқу жылы

Перспективалық жоспар

«Музыка» ұйымдастырылған оқу қызметі

I-кiшi топ 2017 – 2018 оқу жылы

I - ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка

Музыка тыңдау:

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) Музыка тыңдауға қызығушылықты және әр түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән,полька, марш,валс баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;
- 2) әннің мағынасын түсіну,қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианиноның дыбысталуын,түрлі ырғақтық,түрлі музыкалық аспаптарда орындалған музыкалық таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;
- 3) жаңа әуендерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау;

Ән айту.

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1)ән айтуға қызығушылықты,тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздерімен жеке буындарды айту,созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту,аспаптардың шығаратын және ересектердің ән айтуына еліктіріп,әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен,дауысын жылдамдапспай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;
- 2) әнді жеке және топпен айту,әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізудағдыларын қалыптастыру;

Музыкалық ырғақты қозғалыстар:

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау
- 2) пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту(қатты баяу);
- 3) музыканың сүемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып жұптасып,шеңбермен жүру;
- 4) қарапайым би қимылдары,шапалақтау және бір уақытта аяқ тарсылдату,жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;
- 5)әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану,күрделі емес қимылдардыбірізділігін есте сақтау;
- 6) бубенмен, сылдырмақпен,бірқалыпты ырғақты,түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау;
- 7) жаттығулармен билерді сүйемелдейтін музыканың қарама қарсылығына сәйкес бір қимылдардан басқа қимылға ауысу;

Күтілетін нәтижелер:

-музыкалық шығармалардың сипатын(баяужәне көңілді әндер мен пьесаларды ажыратады.

-музыкалық шығарманың түсініп,көңіл күйін білдіреді.

-әннің бөліктерін айта алады(ересекпен бірге)ересектердің көрсетілген өимылдарын қайталайды.

- қимылдарын музыканың басталу сәтінен аяқталғанға дейін орындайды (қоян секіреді, көбелектер ұшады)
- музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындайды.
- кейбір музыкалық аспаптарды айтады (барабан, бубен, сылдырмақ)

II - ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка

Музыка тыңдау: музыканы тыңдай білуді таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуге қалыптастыру. Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әндерді қызығушылықпен тыңдауға баулу;

Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.

Ән айту.

- 1) әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу және қалып қоймау кідірісті сақтау
- 2) әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айтуға дағдыларын қалыптастыру.

Музыкалық ырғақты қимылдар: Дағдыларын қалыптастыру:

- 1) қол қимылдарын: «шапалақ- шапалақ», аяқ қимылдарын: «топ-топ» орындау, денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, солдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру аяқ
- 2) музыкалық ырғақты қимылдарды: кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында шашыраңқы топылдатып жүру;
- 3) таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау, қайталау;
- 4) ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау;
- 5) дербес ойындармен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстарын шығаруға талпыну;
- 6) Әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу;
- 7) Түрлі аспаптарда педагогтың орындауындағы және ұнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, таныс әндерді қосылып айту, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу.

Күтілетін нәтижелер: -таныс әндерді таниды және дыбыстардың жоғарылығын ажыратады; -әннің мағынасын түсінеді; -ересектермен бірге ән айтуға ынта білдіреді;

-музыкалық аспаптарды айтады; -музыка сыйпатына сәйкес қозғалады.

I кіші топ: Қыркүйек айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	көрнекілік	Сағат саны
Балабақша	Менің бала бақшам	«Бақшаға барамын»	Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту; Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту; Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Біздің балабақша. С.Сапарғалиев 2) Мен бақшаға барамын. Т.Тайбеков Ән айту: 1) Кел, балақан. А.Асылбеков 2) Бала, бала, балапан. И.Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Дастастық» Қимылды ойын: «Үйшігінді тап»	Балабақша өмірінен слайд, ұнтаспа, интерактивті тақта, композитор, шығыршық, т.б.	2
Балабақша	Менің достарым	«Тату доспыз бәріміз»	Балаларға балабақша, топ сөздерінің мағынасын түсіндіру. Балабақшаның – балалардың екінші үйі екендігінен мәлімет беру. Достыққа, бірлікке, татулыққа, сыпайылыққа тәрбиелеу. Көңілді әуен арқылы көңіл – күй қабілетін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Балабақша бағында. С.Кәрімбаев 2) Кәне, қызық ойын бар. И.Сапарбай Ән айту: 1) Біз өмірдің гүліміз. Б.Ғизатов 2) Бала, бала, балақан. А.Асылбеков Ырғақты қимыл: «Дастастық» Дидактикалық ойын: «Күн мен жаңбыр»	Балабақша, ондағы қызметкерлер туралы суреттер, слайдтар, ұнтаспа, композитор, үлестірмелі карточкалар, т.б.	1
Балабақша	Менің сүйікті ойыншықтарым	«Көңілді сылдырмақтар»	Ойыншықтар арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. Ойыншықтардың атын, түсін және қандай заттан жасалғанын, жекеше, көпше атауларын. олармен қалай ойнау керектігін түсіндіріп, эстетикалық тәрбие беру. Талғамдарын кеңейту, әдемілікке, ұқыптылыққа, тәрбиелеу	Ән тыңдау: 1)Көңілді сылдырмақтар. И.Сапарбаев 2) Сылдырмақ. Е.Хасанғалиев Ән айту: 1) Ойыншықтар. И.Нүсіпбаев 2) Біз өмірдің гүліміз. Б.Ғизатов Ырғақты қимыл: «Сылдырмақтар» Қимылды оын: «Үйшігінді тап»	Отбасы мүшелерінің суреттері, ойыншық қуыршақтар, сылдырмақ, интерактивті тақта, ұнтаспа, композитор, сырнай аспабы, т.б.	2
Балабақша	Балабақша дағы үлкендердің еңбегі	«Тәрбиеші апай»	Мамандықтар туралы түсінік беру. Тәрбиеші мамандығымен таныстыру. Әннің мағынасын түсіну. Ән айтуға қызығушылықты қалыптастыру. Қимылдардың орындалу тәсілдерін қабылдауын дамыту. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Тәрбиеші апай. М.Дауылбаев 2) Балабақша базарым. Г.Жотасва Ән айту: 1) Тәрбиеші. Ф.Оңғарсынова 2) Ойыншықтар. И.Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Сылдырмақтар» Дидактикалық ойын: «Күн мен жаңбыр»	Мамандықтардың суреттері, видео слайд, ұнтаспа, орамалдар, композитор, үлестірмелі карточкалар, т.б.	1

I кіші топ: Қазан айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	көрнекілік	Сағат саны
Менің отбасым	Менің отбасым	«Менің әжем»	Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы мүшелерін сыйлай білуге тәрбиелеу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Әже тілегі. Т.Қоңыратбаев 2) Менің әжем. Ж.Жүсіпалиев Ән айту: 1) Нешеуміз? А.Тоқсанбаев 2) Тәрбиеші. Ф.Оңғарсынова Ырғақты қимыл: «Күзгі жапырақтар биі» Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»	Отбасы мүшелерінің суреттері, ойыншық қуыршақтар, сылдырмақ, интерактивті тақта, ұнтаспа, композитор, сырнай аспабы, т.б.	2
Менің отбасым	Менің көшем. (мен тұратын үй)	«Балабақша төріміз, ойнап-шырқап жүреміз»	Балабақшаның – екінші үйі, онда уақытты қызықты өткізуге болатынын және екінші отбасы екендігі туралы түсінік беру. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.	Ән тыңдау: 1) Жүгіреміз,жүгіреміз Г.Абдрахманов 2) Кәне қызық ойын бар. И.Нүсіпбаев Ән айту: 1) Бала,бала,балақан. И.Нүсіпбаев 1) Нешеуміз? А.Тоқсанбаев Ырғақты қимыл: «Күзгі жапырақтар биі» Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»	Балабақша өмірінен видео слайд, топтарға саяхат жасау, Композитор лар портреттері, т.б.	1
Менің отбасым	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	«Бағдаршам»	Бағдаршам туралы және олардың атқаратын міндеті туралы білім беру. Бағдаршам түстерін ажырата білуге тәрбиелеу. Ән салуға, билеуге, қызығушылықтарын дамыту.	Ән айту: 1) Жол. А.Тани 2) Бағдаршам. Ғ.Тамендаров Ән тыңдау: 1) Машина. К.Қуатбаев 2) Бала, бала,балақан. И.Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Серуендеп би билейміз» Дидактикалық ойын: «Ғажайып бағдаршам»	Қауіпсіздік әліппесі, (видео) Бағдаршам, жол белгілері, үлестірмелі карточкалар, композитор, т.б.	2
Менің отбасым	Қош келдің Алтын күз!	«Күз ырғағы»	Ән, музыка арқылы күзгі табиғат ерекшеліктерін сезінуге тәрбиелеу. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. Күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету. Табиғаттың сұлулығын бағалай білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Бұл қай кезде болады? (Күз) Б.Ерзакович 2) Күз. Қ.Қуатбаев Ән айту: 1) Мөншақтар. Қ.Толыбаев 2) Машина. К.Қуатбаев Ырғақты қимыл: «Серуендеп би билейміз» Дидактикалық ойын: «Ғажайып бағдаршам»	Күзгі табиғат суреттері, (футаж) композитор, интерактивті тақта, үлестірмелі карточкалар, т.б.	1

I кіші топ: Қараша айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	көрнекілік	Сағат саны
Дені саудың жаны сау	Пайдалы көкөністер	«Күзгі бақта»	Ән және ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінік бере отырып тәрбиелеу, ой – өрісін дамыту. Балаларға көкөністердің адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру. Ойын арқылы көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету.	Ән тыңдау: 1) Жемістер мен көкөністер. Г.Абдрахманова 2) Ақ жаңбыр. Е.Хасанғалиев Ән айту: 1) Апорт деген тәтті алма. Н.Әлімқұлов 2) Балалар мен жаңбыр. Г.Абдрахманова Ырғақты қимыл: «Билейміз» Қимылды ойын: «Жемістер мен көкөністер»	Әли мен Айя көкөністер туралы, (видео слайд) Себеттер, Көкөністер, композитор, ұнтасап, сырнай аспабы, интерактивті тақта, т.б.	2
Дені саудың жаны сау	Жеміс бағында	«Күз ырғағы»	Музыкаға ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. Күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету. Балаларға жемістердің адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру. Табиғаттың сұлулығын бағалай білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Мен алманы жақсы көрем. А.Досмағанбетова 2) Күз. Қ.Қуатбаев Ән айту: 1) Мөншақтар. Қ.Толыбаев 2) Апорт деген тәтті алма. Н.Әлімқұлов Ырғақты қимыл: «Билейміз» Дидактикалық ойын: «Қандай дауыс»	Әли мен Айя жеміс – жидектер (видео ролик) жапырақтар, қоян, Муляжды көкөністер мен жемістер, себеттер, ұнтаспа, күйсандық, композитор, интерактивті тақта, т.б.	1
Дені саудың жаны сау	Өзім туралы. (мен кімін?)	«Қайсы екен қолымыз?»	Өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Балаларға дене мүшелерін атай білуге, өзін - өзі құрметтей білуге тәрбиелеу. Балалардың музыкалық қабылдауын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Қайсы екен?. Б.Дәлденбаев 2) Кел, билейік. Б.Байқадамов Ән айту: 1) Көңілді саусақтар. Г.Абдрахманова 2) Балалар мен жаңбыр. Г.Абдрахманова Ырғақты қимыл: «Буги - буги» Қимылды ойын: «Құлақ, мұрын»	Адам анатомиясы балаларға арналған (видео ролик) композитор, күйсандық, ұнтаспа, интерактивті тақта, т.б.	2
Дені саудың жаны сау	Мөлдір су	«Су – өмір нәрі»	Су және оның маңызы туралы, су – тіршілік көзі екенін, қасиеті туралы білімдерін кеңейту. Ән, би, ойынға қызығушылықтарын дамыту. Судың қасиеті мен пайдасын білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Қар басу. А.Тани 2) Ұлпақарлар әні. Д.Ботбаев Ән айту: 1) Су – өмірдің өзегі. Ә.Қонысбеков 2) Көңілді саусақтар. Г.Абдрахманова Ырғақты қимыл: «Буги - буги» Дидактикалық ойын: «Қандай дауыс»	Салауатты өмір салты туралы (видео ролик) Бұлақтың ағып жатқаны видео слайды қуыршақтар, композитор, т.б.	1

I кіші топ: Желтоқсан айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Бізді қоршаған әлем	Қуыршақтың жиһаздары	«Жиһаздар»	Топтың ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді және аспаптарды атай білуге үйрету. Жиһаздарды күтуге тәрбиелеу. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Қуыршақ. А.Меңжанова 2) Қалсын апам қуанып. И.Нүсіпбаев Ән айту: 1) Мен кішкентай баламын Б.Бейсенова 2) Су – өмірдің өзегі. Ә.Қонысбеков Ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз» Қимылды ойнау: «Көңілді ырғақ»	Жиһаздардың суреттері видео слайд, ұнтаспа, композитор, ұрмалы аспаптар, т.б.	2
Бізді қоршаған әлем	Қуыршақтың киімдері	«Айгүл қонақта»	Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету. Ойыншықтар арқылы қуыршақ түрлері түсініктерін қалыптастыру және дамыту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Бесік жыры. Ж.Тұрсынбаев 2) Қуыршақ. А.Меңжанова Ән айту: 1) Кір қуыршақ. И.Нүсіпбаев 2) Мен кішкентай баламын Б.Бейсенова Ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз» Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек»	Қуыршақ Айгүл, ойыншықтар Композитор портреті, ұнтаспа, интерактивті тақта, слайд, үлестірмелі карточкалар, т.б..	1
Бізді қоршаған әлем	Ыдыстар	«Ыдыс – аяқ»	Ыдыстар туралы түсінік беру, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ырғақты ажыратуға және аспаптарды атап айтуға үйрету.	Ән тыңдау: 1) Туған күн. Б.Бейсенова 2) Ата – ананы тыңдаймыз Б.Бейсенова Ән айту: 1) Қалсын апам қуанып. И.Нүсіпбаев 2) Кір қуыршақ. И.Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Лили - полька» Қимылды ойын: «Көңілді ырғақ»	Ыдыстарды суреттері, ұнтаспа, композитор, слайд, интерактивті тақта, ұрмалы аспаптар, т.б.	2
Бізді қоршаған әлем	Ғажайып қыс	Қыс қызығы	Қыс мезгілі туралы түсінік беру.Қыс мезгілінің табиғат ерекшеліктерімен таныстыру.Музыкалық бейнені,музыкалық туындының ерекшелігін және көңіл күйін есту және түсіну дағдысын дамыту.Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Бұл қай кезде болады? К.Қуатбаев. 2) Жаңа жыл. Ж.Әбдіқадыров. Ән айту: 1) Шырша жыры. Л.Хамиди. 2) Әй – әй ата. Ө.Байділдаев. Ырғақты қимыл: «Ұлпақарлар» Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек»	Шырша мен ойыншықтар, композитор портреті, ұнтаспа, сырнай аспабы, үлестірмелі карточкалар, т.б.	1

I кіші топ: Қаңтар айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Біздің кіші достарым ыз	Ауладағы құстар. (Үй құстары)	«Үй құстары»	Үй құстары туралы түсінік беру. Үй құстарының тіршілігі және олардың пайдасы туралы мағлұмат беру. Үй құстарына деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Музыкалық қабылдауды дамыту, орындаушылық дағдыларды қалыптастыру.	Ән тыңдау: 1) Құстар – менің достарым. М.Керейбаев 2) Аккөгершін. А.Жұбанов Ән айту: 1) Балапандар. А.Досмағанбетова 2) Шырша жыры. Л.Хамиди Ырғақты қимыл: «Үйректер биі» Дидактикалық ойын: «Ненің даусы?»	Үй құстарының дауыстары, суреттері, видео слайд, интерактивтік тақта, үлестірмелі карточкалар, композитор, т.б.	2
Біздің кіші достарым ыз	Үй жануарлары	«Әжемінде қонақта»	Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, үй жануарларына деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту. Есте сақтау қабілетін, тілін, қиялын дамыту. Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Құлыншақ. Ж.Тұрсынбаев 2) Боталар желісі. Е.Хасанғалиев Ән айту: 1) Балапандар. А.Досмағанбетова 2) Төлдер. Б.Ғизатов Ырғақты қимыл: «Қара жорға» Қимылды ойын: «Жай және жылдам»	Әли мен Айяның үй жануарлары туралы видео ролигі, слайд, ұнтаспа, т.б.	1
Біздің кіші достарым ыз	Орманда нелер мекендейді?	«Ормандағы саяхат»	Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл - қозғалыс жасау дағдыларын дамыту, қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. Жабайы аңдар туралы түсінік беріп, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қоянмен таныстыру.	Ән тыңдау: 1) Қоңыр аю қорбаңбай. Б. Дәлденбаев 2) Ақ қоян. Б.Аманжол Ән айту: 1) Сұр қоян. Т.Бедияров 2) Төлдер. Б.Ғизатов Ырғақты қимыл: «Қояндар би» Қимылды ойын: «Жай және жылдам»	Жабайы жануарлар видео слайд суреттері, ұнтаспа, композитор, сырнай аспаба, т.б	2
Біздің кіші достарым ыз	Жануарлардың қысқы тіршілігі	Бұл қай кезде болады?	Қыс мезгілі туралы ұғымдарын кеңейте отырып, жануарлардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру. Жануарларды қорғау, аялау, қадырлеуге тәрбиелеу. Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл - қозғалыс жасау дағдыларын дамыту, қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.	Ән тыңдау: 1) Қояндар. А.Ломова. 2)Төлдерді шақыру. Д.Ботбаев Ән айту: 1)Төлдер.Б.Ғизатов 2) Сұр қоян. Т.Бедияров Ырғақты қимыл: «Шөжелерім» Дидактикалық ойын: «Ненің даусы?»	Жануарлар туралы видео слайд суреттері, ұнтаспа, композитор, үлестірмелі карточкалар сырнай аспабы, т.б	1

I кіші топ: Ақпан айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Бізді қоршаған әлем	Көліктер	«Көңілді пойыз»	Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. Тілін дамыту. Сыпайлыққа тәрбиелеу.	Ән айту: 1) Жол. А.Тани 2) Саяхат. С.Мұхамеджанов Ән тыңдау: 1) Зырлайды шанамаыз. Д.Мацуцин 2) Машина. К.Қуатбаев Ырғақты қимыл: «Кел, билейік» Дидактикалық ойын: «Үш гүл, үш түрлі көңіл - күй»	Паравоз макеті, «қар үйіндісі», ойыншық қоян мен қонжық, қонжықтың үйшігі, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Бізді қоршаған әлем	Мамандықтың бәрі жақсы	«Мен таңдайтын мамандық»	Өртүрлі мамандықтармен таныстыру және түсінік беру. Балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балаларды музыканың сипаты өзгергенде қимылдарын да өзгерту дағдыларын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Комбайыншы боламын. Д.Ботбаев 2) Солдат болам мен ертең К.Дүйсекеев Ән айту: 1) Биші болам өскенде. И.Нүсіпбаев 2) Машина. К.Қуатбаев Ырғақтық қимыл: «Кел, билейік» Қимылды ойын: «Тымақ ұру»	Отбасы мүшелері және түрлі мамандық иелерінің суреттері, слайд, Үлестірмелі карточкалар композитор, т.б	1
Бізді қоршаған әлем	Музыкалық аспаптар	«Ғажайып сылдырмақтар»	Музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын арттыру. Ән айту іскерлігін дамыту. Сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. Бір – біріне деген жағымды қарым – қатынасқа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Сылдырмақ. А.Тоқсанбаев 2) Сылдырмақты серуен. Қ.Қуатбаев Ән айту: 1) Көңілді сылдырмақ. Е.Хасанғалиев 2) Биші болам өскенде. И.Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би» Дидактикалық ойын: «Үш гүл, үш түрлі көңіл - күй»	Ойыншық музыкалық аспаптар, Сылдыр – р, композитор, ұнтаспа, тымақ, қамшы, т.б.	2
Бізді қоршаған әлем	Ойнаймыз, танымыз, зерттейміз	«Қане, қызық ойын бар»	Ұлттық ойындар туралы мағұлмат беру. Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін арттыру. Баланың зеректігін, ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту. Өзара достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Төрттаған. . Б.Дәлденбай 2) Ойнайықшы балақай. Ә.Қонысбеков Ән айту: 1) Көңілді сылдырмақ. Е.Хасанғалиев 2) Қане, қызық ойын бар. И.Сапарбай Ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би» Қимылды ойын: «Тымақ ұру»	Ұлттық ойындар (видео слайд) Ұнтаспа, ойынға қажетті заттар, т.б.	1

I кіші топ: Наурыз айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Салттар мен фальклор	Анамды мен сүйемін	«Анашым»	Аналар мерекесі туралы түсініктерін кеңейту. Анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Ата – анасын сыйлауға, қастерлей білуге тәрбиелеу. Әнді көңілді орындауға үйрету. Жаттығулардың, ойындардың, билердің (музыкасын және қимылдарын) қабылдауын бірыңғайлығын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Анажан. Б.Бейсенова 2) Бала мен ананың әңгімесі. Ғ.Тәмендаров Ән айту: 1) Құттықтаймын мама туған күніңмен. Н.Тілендиев 2) Кәне, қызық ойын бар. И.Сапарбай Ырғақты қимыл: «Полька» Қимылды ойын: «Анама гүл сияймын»	Әже, Аналардың мерекесіне байланысты видео слайд, суреттер, композитор, сырнай аспабы, т.б.	2
Салттар мен фальклор	Ертегілер елінде. (Театр әлемі)	«Ертегілер елінде»	Ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез - құлқын жеткізе білуге үйрету. Достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Әндерді, билерді, ойындарды орындауға қызығушылықтарын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Ертегілер. А.Қалаубаева 2) Ерден атайдың ертегісі. Е.Хасанғалиев Ән айту: 1) Құттықтаймын мама туған күніңмен. Н.Тілендиев 2) Көктем. К.Қуатбаев. Ырғақты қимыл: «Полька » Дидактикалық ойын: «Бауырсақ кімді кездестірді?»	«Бауырсақ» ертегісінің көрінісі видео слайд, үлестірмелі карточкалар т.б.	1
Салттар мен фальклор !	Әжеге қонққа барамыз	«Әжемінде қонақта»	Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру. Үй жануарларының пайдасы туралы мағұлмат беру. Есте сақтау қабілетін, тілін, қиялын дамыту. Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Құлыншақ. Ж.Тұрсынбаев 2) Боталар желісі. Е.Хасанғалиев Ән айту: 1) Көңілді сылдырмақ. Е.Хасанғалиев 2) Лағым. Д.Ботбаев Ырғақты қимыл: «Қара жорға» Дидактикалық ойын: «Бауырсақ кімді кездестірді?»	Әженің үйінің көрінісі, ойыншық күшік, лақ, мысық, қозы, күшіктің үйшігі, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Салттар мен фальклор	Мерекелік дастархан	«Наурыз»	Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт - дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру. Мерекеге деген қызығушылығын тәрбиелеу. Ойындар арқылы балалардың қимыл – қозғалыстарын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Сарыарқа.С.Құрманғаз. 2) Қамажай. (қазақтың халық әні) Ән айту: 1) Наурыз. А.Досмағамбет 2) Көктем. К.Қуатбаев Ырғақты қимыл: «Қара жорға» Қимылды ойын: «Арқан тартыс»	Наурыз мерекесі бейнеленген суреттер, композитор, Ұнтаспа, арқан, т.б.	1

I кiшi топ: Сәуiр айы

Өтпелi тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Табиғат әлемі	Нұр төккен, гүл көктем	«Шуақты көктем»	Әуенді есту сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. Көктем мезгілінің табиғатымен таныстыру. Көктемгі табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Бұл қай кезде болады? (Көктем) Б.Ерзакович 2) Көктем жыры. Н. Өмір Ән айту: 1) Көктем. А.Досмағанбетова 2) Наурыз. Ырғақты қимыл: «Балалар мен жаңбыр» Қимылды ойын: «Өз түсінді тап»	Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, (футаж) Композитор шығыршық, шарлар, т.б.	2
Табиғат әлемі	Көктем жаршысы – құстар	«Дала құстары»	Дала құстарымен таныстыру. Құстарды қорғай білуге тәрбиелеу. Ойын арқылы музыканы тыңдап, жуан – жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. Ойын арқылы аяқ – қол қимылдарын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Торғай саған не керек? С.Жаңғабылов 2) Құстар – менің достарым. М.Керейбаев Ән айту: 1) Торғай. А.Райымқұлова 2) Көктем. А.Досмағанбетова Ырғақты қимыл: «Балалар мен жаңбыр» Дидактикалық ойын: «Дыбыстар»	Дала құстары видео слайд, композитор, ұнтаспа, құстардың дауысы, т.б.	1
Табиғат әлемі	Көктемгі ағаштар	«Көктем келгенде»	Табиғаттағы тіршілік, көктемгі ағаштар туралы білімдерін кеңейту. Өндер айту, ән тыңдау арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуін, тілін сөздік қорын дамыту. Табиғаттың әсемділігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын туғызу.	Ән тыңдау: 1) Көк орай көктем. Д.Маханбаева. 2) Көктем келгенде. Б.Бейсенова Ән айту: 1) Жас дәуірдің түлегіміз. И.Нүсіпбаев 2) Тамшылар. А.Досмағанбетова Ырғақты қимыл: «Вальс» Қимылды ойын: «Өз түсінді тап»	Көктем ағаштарын ың видео слайды, ұн таспа, сырнай аспабы, Т.б.	2
Табиғат әлемі	Су әлемі. (аквариум)	«Су асты әлемі»	Су асты әлемі жайлы жәнеАквариум ондағы балықтар туралы түсінік беру. Су асты тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білу дағдыларын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Пингвин мен бала. А.Тани 2) Балық аулау. А.Тани Ән айту: 1) Бақа, бақа, бақ – бақ. Т.Тайбеков 2) Тамшылар. А.Досмағанбетова Ырғақты қимыл: «Вальс» Дидактикалық ойын: «Дыбыстар»	Аквариум дағы балықтар, ұнтаспа, композитор, шығыршық, шарлар, үлестірмелі карточкалар т.б.	1

I кіші топ: Мамыр айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Әрқашан күн сөнбесін	Бір шаңырақ астында	«Достық»	«Достық», «ынтымақ» сөздерінің маңызын түсіну, Ән шумақтарын жаттай білуге үйрету. Өлең сөздерін эмоциялы түрде жатқа йтуға дағдыландыру. Белсенді сөздік қорларын дамыту. Бірлікке татулыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Достық әні. Б.Жұмабекова 2) Балапан. Б.Бейсенова Ән айту: 1) Ағайынбыз бәріміз. М.Әубәкіров 2) Жас дәуірдің түлегіміз. И.Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Түрлі – түсті шарлармен би» Дидактикалық ойын: «Үш би»	Достық пен ынтымақты видео слайд Шарлар, үлестірмелі карточкала, т.б.	2
Әрқашан күн сөнбесін	Аялайық гүлдерді. (Гүлдер, шөптер)	«Гүлді жұлма, ботам!»	Гүлдер туралы түсінік беру. Тұған еліннің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке жастайыннан тәрбиелеу. Әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.	Ән тыңдау: 1) Үй гүлі. О.Асқаров 2) Гүл. С.Қалиев Ән айту: 1) Күнбағыс. А.Досмағанбетова 2) Гүл көбелек. А.Мергенбаев Ырғақты қимыл: «Түрлі – түсті шарлармен би» Қимылды ойын: «Ән салған кім?»	Әли мен Аияның гүлдер туралы әңгімесі видео, карточкалар Ұнтаспа,т.	1
Әрқашан күн сөнбесін	Мен жасай аламын	«Ертегілер елінде»	Қуыршақ театры арқылы балаларды шығармашылыққа баулу. Әуен сипатын ажыратып, қимылдауға, ән айтуға дағдыландыру. Достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, дамыту.	Ән тыңдау: 1) Ертегілер. А.Қалаубаева 2) Ерден атайдың ертегісі. Е.Хасанғалиев Ән айту: 1) Әй – әй ата!.. Ө.Байділдаев 2) Біз шадыман баламыз. Ө.Бейсеуов Ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» Дидактикалық ойын: «Бауырсақ кімді кездестірді?»	«Бауырсақ» ертегісінің көрінісі видео слайд, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Әрқашан күн сөнбесін	Жаз да келді көңілді!	«Алақай, жаз келді!»	Жазғы таб(иғат туралы білімдерін қалыптастыру. Табиғатты аялай, қорғай білуге тәрбиелеу. Сөйлеу, ойлау, есте сақтауын дамыту. Музыкалық шығармаларды түсінуді жетілдіру, әндерді нақышына келтіріп орындай білуге, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету.	Ән тыңдау: 1) Жаз келбеті. Ө.Қонысбеков 2) Жазғы жауын. Ө.Қонысбеков Ән айту: 1) Жаз келді. Ө.Қонысбеков 2) Біз шадыман баламыз. Ө.Бейсеуов Ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» Дидактикалық ойын: «Үш би»	Жазғы табиғат көріністері слайд, композитор, ұнтаспа, үлестірмелі карточкалар т.б.	1